

Аженов Аскар Алимаулетович – саясаттану магистрі, Торайғыров университетінің Тұлғалық даму және білім беру кафедрасының докторанты, Ғылым бөлімінің менеджері, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., тел.: 87012181390, e-mail: sokrat-ares@mail.ru.

Щербакоева Елена Павловна – әлеуметтік ғылымдар магистрі, жобалық кеңсенің басшысы, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., e-mail: yelena.chsherbakova@mail.ru.

Сулейменова Шынар Кайратовна\* – «Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша доктор, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., тел.: 87785851058, e-mail: shinar19102006@gmail.com.

Есинбаева Жанна Уакасовна – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., тел.: 87014566369, e-mail: yeszhanka@gmail.com.

Azhenov Askar Alimauletovich – Master of Political Science, PhD Student, Department of personality development and education, Toraihyrov University, Manager of the Science Department of the Academy of Physical education and Mass Sports, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, tel: 87012181390, e-mail: sokrat-ares@mail.ru.

Shcherbakova Yelena Pavlovna – Master of Social Sciences, Head of the Project Office, Kulyash Baiseitova Kazakh National University of Arts, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, e-mail: yelena.chsherbakova@mail.ru.

Suleimenova Shynar Kairatovna\* – PhD, “Public Administration” educational program, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, tel: 87785851058, e-mail: shinar19102006@gmail.com.

Yessinbayeva Zhanna Uakassovna – Candidate of Philological Sciences, Deputy Chair of the Committee of Higher and Postgraduate Education of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, tel.: 87014566369, e-mail: yeszhanka@gmail.com.

XҒТАР 14.31.07

ӨОЖ 811.111:37.018.43

<https://doi.org/10.52269/KGTD253227>

### ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ПӘНДІК-ТІЛДІК ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ТӘСІЛДІ (CLIL) ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Алдахметова Ш.А.\* – PhD докторант, география және экология кафедрасы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Карбаева Ш.Ш. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілдің (Content and Language Integrated Learning – CLIL) көптілді білім беру кеңістігінде болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың сапасын арттыру құралы ретіндегі маңыздылығы қарастырылады. Теориялық негіз ретінде ғылыми әдебиеттер, нормативтік құжаттар, білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдарды талдау пайдаланылды. Эмпирикалық зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жаратылыстану және география факультеті, география және экология кафедрасының оқытушылары мен студенттері арасында жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты – CLIL тәсілін білім беру үдерісінде қолдануға қатысты хабардарлық деңгейін, дайындықты және уәждемені анықтау болды. Алынған деректер бұл әдіске деген тұрақты қызығушылықтың бар екенін көрсетті, сондай-ақ тілдік, әдістемелік және ресурстық қамтамасыз етуге байланысты бірқатар қиындықтарды анықтады. CLIL тәсілі түлектердің академиялық ұтқырлығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде қабылданатынына ерекше назар аударылды. Зерттеу нәтижелері негізінде CLIL тәсілін жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне кезең-кезеңімен енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді, соның ішінде оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру және оқу курстарын бейімдеу қажеттілігі айтылды. Мақала материалдары оқытушыларға, әдіскерлерге, білім беру бағдарламаларын әзірлеушілерге және екітілді, көптілді білім беру саласындағы мамандарға пайдалы болуы мүмкін.

**Түйінді сөздер:** пәндік-тілдік интеграцияланған тәсіл (CLIL), тілдік қарым-қатынас, педагогикалық білім беру, тәсіл, пәндік-кәсіби білім, оқу материалдары, пәнаралық оқыту.

### МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРЕДМЕТНО-ЯЗЫКОВОГО ИНТЕГРИРОВАННОГО ПОДХОДА (CLIL) В ОБУЧЕНИИ ГЕОГРАФИИ

*Алдахметова Ш.А.\* – PhD докторант, кафедра географии и экологии, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.*

*Карбаева Ш.Ш. – кандидат педагогических наук, профессор, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.*

*В статье рассматривается значение предметно-языкового интегрированного подхода (Content and Language Integrated Learning – CLIL) в системе высшего педагогического образования Республики Казахстан как средство повышения качества профессиональной подготовки будущих учителей в условиях многоязычного образовательного пространства. В качестве теоретической основы использован анализ научной литературы, нормативных документов, образовательных программ и учебно-методических материалов. Эмпирическое исследование проведено среди преподавателей и студентов кафедры географии и экологии факультета естествознания и географии Казахского национального педагогического университета имени Абая. Целью опроса стало выявление уровня осведомлённости, готовности и мотивации к применению CLIL-подхода в образовательном процессе. Полученные данные свидетельствуют о наличии устойчивого интереса к данной методике, а также выявляют ряд трудностей, связанных с языковой, методической и ресурсной обеспеченностью. Отдельное внимание уделено восприятию CLIL как инструмента повышения академической мобильности и конкурентоспособности выпускников. На основе анализа результатов разработаны рекомендации по поэтапному внедрению CLIL в учебный процесс вузов, в том числе через повышение квалификации преподавательского состава и адаптацию учебных курсов. Материалы статьи могут быть полезны для преподавателей, методистов, разработчиков образовательных программ и специалистов в области билингвального и полилингвального образования.*

**Ключевые слова:** предметно-языковой интегрированный подход (CLIL), языковое общение, педагогическое образование, подход, предметно-профессиональное образование, учебные материалы, междисциплинарное обучение.

### METHODOLOGICAL SIGNIFICANCE OF USING THE CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING (CLIL) IN TEACHING GEOGRAPHY

*Aldakhmetova Sh.A.\* – PhD student, Department of geography and ecology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

*Karbayeva Sh.Sh. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

*The article examines the significance of the Content and Language Integrated Learning (CLIL) approach in the system of higher pedagogical education in the Republic of Kazakhstan as a tool of enhancing the quality of professional training of future teachers within a multilingual educational environment. The theoretical foundation of the study included the analysis of scientific literature, regulatory documents, educational programs, and instructional materials. The empirical part of the research was conducted among the faculty and students of the Department of geography and ecology of the Abai Kazakh National Pedagogical University. The aim of the survey was to identify the level of awareness, preparedness, and motivation for the application of the CLIL approach in the educational process. The collected data revealed a consistent interest in this methodology, while also highlighting several challenges related to linguistic, methodological, and resource-based support. Special attention was paid to the perception of the CLIL approach as a tool for enhancing graduates' academic mobility and competitiveness. Based on the results, the article provides recommendations for the gradual implementation of the CLIL approach in university curricula, emphasizing the need for faculty development and course adaptation. The findings may be of interest to teachers, methodologists, curriculum developers, and specialists in bilingual and multilingual education.*

**Key words:** Content and Language Integrated Learning (CLIL), language communication, pedagogical education, approach, subject-professional education, educational materials, interdisciplinary training.

**Қысқашы.** Қазақстанда педагогикалық білім беру әлемдік тенденцияларға сәйкес өзгерістерге ұшырап, білім мазмұны мен оны оқытудың әдіс-тәсілдері жаңғыртылуда. Сондай білім беруді модернизациялаудың инновациялық тәсілдерінің бірі пәнаралық оқытуды жүзеге асырушы CLIL тәсілі.

CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдану бойынша халықаралық зерттеулерге сүйенсек (Banegas & del Pozo Beamud, 2022; Mahan, 2022; DeBoer & Leontjev, 2020), оқыту сапасы мен білім алушылардың тілдік дағдыларының және қызығушылықтарының, сонымен қатар және оқытудағы пәнаралық оқу іс-

әрекеттерінің артқандығын атап өтеді. Осыған орай, CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдану соңғы онжылдықта ғаламдық деңгейге ие болып, әлемнің көптеген елдерінде жас ұрпақ білім беру бағдарламалары шеңберінде өздерінің базалық білімін, тілдік дағдыларын кеңейту және оқу тәжірибелерін арттыруды көздейді. Бұл ХХІ ғасыр мақсаттарына сәйкес пәнаралық және плюрилингвалды білім беруді қамтамасыз етеді [1; 2, 151 б.; 3].

CLIL – бұл «екі бағытты білім беру тәсілі, тілдің негіздерін ғана үйреніп қоймай, қосымша тілді қолдану арқылы белгілі бір пәндегі мазмұнды да түсіне білу болып табылады». Қоғамда басым көпшілік пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL) тек тілді оқытуға негізделген тәсіл деп қабылдайды. CLIL – (Language Content Integrated Learning) термині Еуропада зерттеушілер, білім беру әкімшілері және практиктер ретінде танылып әр түрлі ортадан шыққан бір топ мамандар арқылы арқылы 1990-шы жылдардан бастап пайда болды (Marsh, 2002).

Сол кезден бастап пәндік тілдік интеграцияланған оқыту CLIL-ді қолдану бойынша екінші тілді (L2) дамыту және қос тілділікті дамытуға арналған маңыздылығына байланысты көптеген бастамалар қаржылық Еуропалық Комиссия мен Еуропа Кеңесінің қолдауына ие болды (Cenoz et al. 2013). CLIL әдісінің алуан түрлі формалары әр қандай мемлекетте негізі қалана бастады. Еуропалық деңгейде әлеуетті модельдердің әртүрлілігі қажет болды сәйкесінше қоғамдық және аумақтық жағдайларға сәйкес екі тілде оқытуды қайта қарау қажеттілігі туды, өйткені Люксембург, Шотландия немесе Швейцария, Швециядағы CLIL формасы Франция немесе Испаниядағы CLIL-ден өзінің фонетикалық әртүрлілік пен ағылшын тіліне қарасты көзқарастарының әлеуметтік және мәдени қарама-қайшылықтарға байланысты түбегейлі ерекшеленеді (Coyle et al., 2010). Coyle пікіріне сүйенсек, пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL) тәсілі білім алушыларды жоғарғы деңгейде ойлануға итермелейді және бұл шет тілінде интеграцияланған мазмұнды ақпаратты меңгеруге деген мотивация мен қажеттіліктің деңгейін көрсетеді. Ең маңыздысы осы тәсілді қолдану барысында білім алушы мен оқытушының мотивациялық деңгейлері қатар жоғары болуы шарт. Зерттеуге қатысқандардың бірі: «оқытушы ретінде (CLIL) әдісінің маған пайдасы оның қызығушылықты арттыратындығында, яғни, әркез өзім үшін жаңа мағлұмат алып отыруым менің шабытымды еселейді» – деген пікір қалдырған. Бұл ойды қорытындылайтын болсақ, зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып (CLIL) әдісінің көмегімен оқытушы және білім алушы арасында екі тарапты мотивацияны арттыруға арналған таптырмас тәсіл болып табылады [4, 11 б.].

Сонымен, пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL) тәсілінің негізгі мақсаты тілдік қабілетке негізделе отырып, белгілі-бір пәннің мазмұнын оқыту болып табылады. Мысалы, география сабағында интеграцияланған (CLIL) тәсілді қолдануда, оқытушы тілдің негізгі ұғымдарын түсіндіріп жатпай, алдынала қалыптасқан тілдік білімді қолдана отырып, география пәнінің негіздерін ұғындырады. Нәтижесінде білім алушының функционалды сауаттылығын дамыту негізінде географиялық түсінік қалыптасады.

Зерттеуші ғалымдар пәндік-тілдік интеграцияланған CLIL тәсіліне оқу үдерісінде қосымша тілді қолдану және мазмұнды да, тілді де оқыту, оқу бағдарламасының мазмұнын шет тілі арқылы оқытылатын білім беру тәсілі, яғни тілді де, пәндік мазмұнды да үйренуді көздейтін білім алушының талпынысын қолдайтын тамаша тәсіл ретінде қарастырады.

Пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілдің оқытудың басқа тәсілдерінен айырмашылығы, біріншіден, CLIL тәсілінде шет тілі қолданылады, бірақ ол екінші тілді (L2) толық сабақ бойы қолдануды көздемейді. Сонымен қатар, білім алушылар оқу процессінің басым бөлігінде ақпаратты ана тілінде қабылдаса, қалған аз бөлігінде қабылдаған ақпаратты шет тілі арқылы бейімдеуге тырысады.

Екіншіден, білім алушылардың ана тілінде сауаттылық дағдыларының қалыптасуы негізгі аспект болып табылады, ал пәндік тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL) тәсілін енгізу қосалқы бөлік ретінде қабылдануы тиіс. Яғни қорытындылай келе, пәндік тілдік интеграцияланған оқыту (CLIL) әдісі тек тілдік негіздерді қамтымай, алдынала қалыптасқан тілдік білімге сүйене отырып, мазмұнды қабылдау болып табылады [5, 545 б.].

CLIL әдісін жүзеге асыру үшін ой алмасу жіне бір-біріне бағыт-бағдар беру осы әдісті тиімді қолдануға септігін тигізеді деп айтқан болатын. Алайда, қарсы пікір білдірген San Isidro and Lasagabaster (2018) CLIL тәсілінің оң әсері көптілік пен ұзақ уақытты процесті талап ететін факторларға тәуелді екенін айтады [6, 556 б.].

Ұсынылып отырған тәсілдің жақсы нәтиже көрсетуі әртүрлі әдістемелік аспектілермен байланысты. Мысалы, бірлескен тапсырмалар мен жобаларға негізделген оқыту, оқу бағдарламаларын біріктіру және өзара әрекеттесуге негізделген сценарийлер немесе көптілді оқыту тәсілі болып табылады. Қорытындылай келе, тек мотивацияның әсеріне сүйене отырып, жақсы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес, бірлескен қосалқы технологиялардың әсерінің арқысында көзделген мақсатқа жету мүмкіндігі пайда болады.

**Мақсат, міндеттер.** Зерттеудің басты мақсаты – Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде география пәнін оқыту барысында пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілді (Content and Language Integrated Learning – CLIL) қолданудың теориялық-әдістемелік негіздерін әзірлеу, оны оқу үдерісіне тиімді енгізудің практикалық тетіктерін ұсыну және бұл тәсілдің болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына ықпалын кешенді түрде бағалау.

Осы зерттеу мақсатынан келесі міндеттер шығады:

1. CLIL тәсілінің теориялық негіздерін, педагогикалық ұстанымдарын, эволюциялық дамуын және халықаралық тәжірибедегі қолданысын ғылыми әдебиеттер, нормативтік құжаттар мен оқу-әдістемелік материалдар негізінде талдап, оның жоғары білім беру жүйесіндегі әдіснамалық маңызын негіздеу.

2. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің география және экология кафедрасының оқытушылары мен студенттері арасында сауалнама жүргізу арқылы CLIL тәсіліне қатысты дайындық деңгейін, уәждемесін және қабылдау ерекшеліктерін анықтау; алынған сандық және сапалық деректер негізінде оқу үдерісінде CLIL тәсілін қолдануға кедергі келтіретін негізгі факторларды жүйелеу.

3. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, география пәнін оқытуда CLIL тәсілін кезең-кезеңімен енгізу жолдарын ұсыну: оқу материалдарын іріктеу, сабақ үлгілерін әзірлеу, әдістемелік негіздерді қалыптастыру және оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған педагогикалық стратегияларды ұсыну.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеудің әдіснамалық негізі теориялық және эмпирикалық әдістерді біріктіретін аралас тәсілді қолдануға негізделген. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім беру үдерісіне пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілді (CLIL) енгізудің маңыздылығын, ықтимал артықшылықтары мен қиындықтарын анықтау.

Теориялық деңгейде пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілге (CLIL) арналған ғылыми әдебиеттерді талдау, жалпылау және салыстыру әдістері қолданылды. Сондай-ақ, CLIL әдістемелерінің эволюциясын қарастыруға және олардың қазіргі педагогикалық практика контекстіндегі өзектілігін негіздеуге мүмкіндік берген жүйелі және жүйелі-тарихи тәсілдер пайдаланылды. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында қолданылатын нормативтік құжаттарға, білім беру бағдарламаларына және оқу-әдістемелік материалдарға олардың CLIL тұжырымдамасына сәйкестігін анықтау және лингвомәдениеттанулық құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі аспектілерін айқындау мақсатында контент-талдау жүргізілді.

Зерттеудің эмпирикалық кезеңі Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің география және экология кафедрасының оқытушылары мен студенттері арасында жүргізілген сауалнама арқылы іске асырылды. Іріктеу көлемі 112 респондентті құрады. Іріктеу әдісі – белгіленген реттілігі бар сериялық іріктеу. Зерттеуге қатысушыларды іріктеу барысында негізгі критерий ретінде олардың осы факультетте CLIL тәсілі қолданылуы ықтимал білім беру бағдарламаларында (мысалы, география немесе басқа да жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту) оқу немесе сабақ беруі есепке алынды.

Сауалнама оқытушылар мен студенттерге арналған екі сұрақ блогынан тұрды. Сұрақтардың мазмұны шет (ағылшын) тілін меңгеру деңгейін, пәндік және тілдік мазмұнды біріктіруге дайындығын бағалауға, сондай-ақ CLIL тәсілі аясында оқуға деген субъективті қиындықтар мен уәждемені анықтауға бағытталды. Сауалнама ерікті және жасырын түрде, қағаз және электронды форматта жүргізілді.

Жиналған эмпирикалық деректер сипаттамалық статистика әдістерін қолдану арқылы сандық өңдеуден өтті. Бұл тәсіл респонденттердің жауаптарын қорытындылауға және жүйелеуге, тілдік дайындыққа, шет тілін үйренуге деген уәждемеге, сондай-ақ оқу үдерісінде CLIL тәсілін қабылдау мен қолдануға дайындыққа қатысты басым үрдістерді анықтауға мүмкіндік берді. Жауаптардың таралуы пайыздық көрсеткішпен талданды, бұл Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің жаратылыстану және география факультетінің студенттері мен оқытушылары арасындағы хабардарлық, қызығушылық және қиындықтар деңгейін түсіндіруге негіз болды. Талдаудағы негізгі назар іріктелер арасында салыстыру әдістерін қолданбай, сауалнама нәтижесінде алынған эмпирикалық заңдылықтарды түсіндіруге аударылды.

Сауалнама деректерін сандық талдау пайыздық көрсеткіштерді есептеуді қамтыды, бұл негізгі проблемалық аймақтарды анықтауға мүмкіндік берді: оқытушылардың шектеулі тілдік құзыреттілігі (30%), CLIL-ді қолдануға әдістемелік дайындықтың жеткіліксіздігі (10%), сондай-ақ студенттер тарапынан ағылшын тілін қарым-қатынаста іс жүзінде қолдану деңгейінің төмендігі (10%). Алынған деректер салыстырмалы кестелер түрінде жүйеленіп, жалпыланған қорытындыларды қалыптастыру үшін пайдаланылды.

Сапалық талдау CLIL-ді қолдануға байланысты типтік қиындықтарды, мысалы, сөйлеу кезінде қате жіберуден қорқу, тілдік дағдыларға сенімсіздік, сондай-ақ мамандандырылған оқу ресурстарының жетіспеушілігін анықтауға бағытталған ашық жауаптарды түсіндіруді қамтыды. Сонымен қатар, сараптамалық бағалау әдісі және халықаралық білім беру тәжірибелерін салыстырмалы талдау қолданылды. Бұл Қазақстандағы болашақ педагогтарды даярлау модельдерін тиімді шетелдік үлгілермен салыстыруға мүмкіндік берді.

Жоғарыда аталған әдістердің интеграциясы зерттеудің кешенділігін қамтамасыз етіп, Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне CLIL тәсілін кеңінен енгізу бойынша негізделген ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Бұл зерттеу сипаттамалық-диагностикалық сипатта жүргізілгендіктен, CLIL тәсілінің білім алушылардың пәндік немесе тілдік жетістіктеріне әсерін сандық тұрғыдан дәлелдеу мақсаты қойылған жоқ. Алайда, алынған нәтижелер CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолданудың мазмұндық-әдістемелік аспектілерін бағалауға мүмкіндік береді және келешекте эксперименттік зерттеуге негіз бола алады.

Бұл зерттеу сипаттамалық-диагностикалық сипатта жүргізілгендіктен, CLIL тәсілінің білім алушылардың пәндік немесе тілдік жетістіктеріне әсерін сандық тұрғыдан дәлелдеу мақсаты қойылған жоқ. Алайда, алынған нәтижелер CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолданудың мазмұндық-әдістемелік аспектілерін бағалауға мүмкіндік береді және келешекте эксперименттік зерттеуге негіз бола алады.

**Зерттеу нәтижесі.** ҚР педагогикалық білімнің әлеуетін күшейту педагогикалық білім беруді дамыту мәселелерін қарастыра келе:

- педагогтарды үздік білім және сәйкесінше құзыреттермен қамтамасыз етілуі;
- оқу үдерісінде білім алушылардың өздігінен шешім қабылдау дағдыларын дамытуда педагогтар қандай білім, дағдыларды және құндылықтарды меңгеруі;
- педагогтар қоғаммен өзара әрекеттесе отырып, кәсіби даралығын дамыту мен карьералық өсуін жоспарлау және кешбасшылықты қалай оқып-үйренуі үшін болашақ педагог мамандардың даярлығы қандай болу керек деген ЖОО профессор-оқытушыларының алдына келелі мәселелерді қояды. Осы мәселелерді шешу мақсатында Дүниежүзілік банктің «Педагогикалық білімнің әлеуетін күшейту» жобасы шеңберінде «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім беру министрлігінің басшылығымен, Финляндияның НАМК және ЖАМК қолданбалы ғылымдар университеті және Назарбаев университетінің педагог ғалымдарының сараптауы нәтижесінде инновациялық білім беру бағдарламалары даярланды. Инновациялық білім беру бағдарламаларын даярлау:
- студентке орталықтандырылған білім беру;
- білім беруді цифрландыру және сәйкесінше мұғалімдердің құзыреттіліктерін дамыту;
- инклюзивті білім беру;
- икемді/әмбебап педагогикалық дағдыларды дамыту;
- өзгерістерді басқару;
- педагогикадағы зерттеу тәсілі;
- STEM/ STEAM және CLIL пәнаралық оқыту – тәсілдеріне сүйенеді (1-сурет).



1 сурет – Инновациялық білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері

Инновациялық білім беру бағдарламаларында білім алушылардың белсенді іс-әрекетіне, оқыту мен білім беру бағдарламаларын даярлауға кешенді тәсілге, теория мен зерттеудің және практика арасындағы өзара байланысқа ақпараттық құралдар мен инновациялық оқыту әдістерін пайдалануға, инклюзивті білім беруге, педагогтардың кәсіби дамуына, сонымен қатар пәнаралық оқытуға, яғни, оқытудың STE(A)M және CLIL тәсілдеріне басымдық беріліп отыр. Осыған орай біз ғылыми-зерттеу жұмысының мақсатын жоғары оқу орындарында географияны оқытуда пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілді (CLIL) қолданудың әдістемесін даярлау деп алып, болашақ география пәні мұғалімдерінің пәнаралық байланыс арқылы оқыту даярлықтарын қалыптастыруға мән беріп отырмыз.

Заманауи мектептерде CLIL тәсілі оқу үдерісінде кеңінен қолданысқа ие болып отыр. Мәселен, жаратылыстану пәндерін (химия, биология, физика) ағылшын тілінде оқыту тәжірибеге енгізілген.

Географияны оқытуда пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілді (CLIL) қолданудың қажеттігі білім алушылардың тілдік қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде CLIL тәсілін қолдану барысында сабақтың негізгі мақсаты тілді меңгерудің грамматикалық құрылымына емес, пәндік мазмұнды түсінуге бағытталады.

Оқу үдерісінде CLIL тәсілін қолдану зерттеулеріне талдау жасайтын болсақ, педагогтар пән мазмұнын оқыту процесінде грамматикаға мән бермейді, себебі, пән мазмұны мен тілді игеру кіріктірілген, сондықтан оған біртұтас процес ретінде қарайды [7; 8, 74 б.].

Бұл зерттеудің мақсаты CLIL тәсілін қолдану нәтижесінде білім алушылардың пәндік немесе тілдік жетістіктеріне нақты сандық баға беру емес, білім алушылар мен оқытушылардың аталмыш тәсілге деген көзқарасын, оқу үдерісіндегі қиындықтарын және әдістемелік дайындық деңгейін анықтау болды. Сондықтан бұл жұмыс негізінен сапалық-диагностикалық сипатта жүргізілді.

Жалпы оқу үдерісінде CLIL тәсілін қолдануда оқытушылар тарапынан және білім алушылар тарапынан бірқатар проблемалар туындайды.

Осыған орай, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен білім алушылары үшін оқу үдерісінде CLIL тәсілін қолдануға қатысты қандай мәселелер туындайтынын анықтау мақсатында сауалнама алынды, сауалнамаға жауап беру ерікті түрде жүргізілді. ЖОО-ы оқытушылары үшін сауалнама мазмұны келесідей сұрақтарды қамтыды (1-кесте).

1 кесте – CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдануды анықтауға арналған сұрақтар

| №<br>р/с | ЖОО-ы оқытушыларына арналған<br>сұрақтар                                          | ЖОО-ы білім алушыларына арналған<br>сұрақтар                      |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|
| 1.       | Пәнаралық байланысты жүзеге асыруда заманауи қандай тәсілдерді атай аласыз?       | Шетел тілін (ағылшын) меңгеру деңгейің?                           |
| 2.       | Сіздің тілді меңгеру деңгейіңіз                                                   | Шетел (ағылшын) тілінде тілдік қатынас жасай аласың ба?           |
| 3.       | Оқу үдерісінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін тілді меңгеру дайындығыңыз? | Шетел тілін (ағылшын) меңгеруге қызығушылығың?                    |
| 4.       | CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдану әдістемеңіз?                                  | Пән мазмұнын шетел тілінде (ағылшын) оқуға көзқарасың?            |
| 5.       | Пәндік мазмұн мен тілді қолдануды кіріктірудегі қиындықтар?                       | Оқу материалдарын шетел тілінде (ағылшын) меңгерудегі қиындықтар? |
| 6.       | CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдануда оқу материалдары мен ресурстармен қамтылуы? |                                                                   |

CLIL тәсілін қолдануға қатысты ЖОО оқытушыларына қандай проблемалар туындайтынын анықтау мақсатында қойылған сауалнама сұрақтарына талдау жасайтын болсақ, мәселен, оқытушылар тарапынан туындайтын проблемаларға тілдік дайындықтың жетіспеушілігі оқу материалдарын тиімді түсіндіруде қиындық тудыратын айтады. CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдану әдістемесіне келетін болсақ, шетел тілінде қатынас жасау тәжірибелері мен дағдыларының жетіспеушілігіне тоқталады. Ал пән мазмұнын мен шетел тілін қолдана отырып, кіріктірудегі қиындықтарды оқытушылар пән мен тілді оқытуды дұрыс теңестіре алмау және CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдану үшін материалдар мен ресурстардың жетіспеуі оқу материалдарын түсіндірудегі қиындықтарға әкелуі мүмкін.


ЖОО-ы білім алушыларына арналған сұрақтар бойынша білім алушылардың шетел тілін (ағылшын) меңгеру деңгейінің төмендігі анықталды, ол пән мазмұнын түсінуде қиындықтарға тап болады. Кейбір білім алушылардың шетел (ағылшын) тілінде тілдік қатынас жасауда дұрыс айтпай қаламын ба деген оймен ұялып, сөйлемейтіндігі анықталды. Білім алушылардың пән мазмұнын шетел тілінде (ағылшын) оқуға көзқарасы жоғары. Ал оқу материалдарын шетел тілінде (ағылшын) меңгерудегі қиындықтарға келсек, ол тілді пән мазмұны арқылы меңгеру әдістемесінің жетілдіруді қажет ететіндігін сипаттайды. Бұл проблемалар CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолданудың қандай да бір әдіснамалық негізін жасауды қажет етеді.

CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдануды анықтауға арналған сұрақтарды талдаудың сандық мәліметтері келесі 2 және 3-кестеде сандық әдіс тұрғысынан салыстырмалы түрде көрсетілді.

2 кесте – ЖОО-ы оқытушыларына арналған сұрақтарды талдаудың сандық мәліметтері



3 кесте – ЖОО-ы білім алушыларына арналған сұрақтарды талдаудың сандық мәліметтері



Осы көрсеткіштерге сәйкес оқу үдерісінде CLIL тәсілін ЖОО-на кең көлемді енгізу үшін оқытушылардың оқу үдерісінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін тілді меңгеру дайындығының және ресурстармен қамтамасыз етілуінің төмендігі, ал білім алушылардың шетел (ағылшын) тілінде тілдік қатынас жасауда лайықты дайындығының жоқтығы пәндік-тілдік интеграцияланған (CLIL) тәсілді оқу үдерісінде қолдануға кедергі келтіретін басты проблема екендігі анықталды.

**Талқылау.** Пәндік-тілдік интеграцияланған (CLIL) тәсілді қолдана отырып сабақ беруде оқытушылар тілді үйретумен, ал білім алушылар тілді үйрету бағдарламасындағы мақсат-міндеттерді, мәселен, грамматиканы үйренумен айналыспайды. Мысалы, CLIL тәсілі арқылы пән мазмұнын игеруде «Менің отбасым» немесе «Саяхат» тақырыптарын оқып үйренбейді. CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдануды ұсынушы зерттеушілер (Coyle, Holmes & King 2009) тілді үйретудің дәстүрлі шеңберінен шығып, пәндік-тілдік интеграцияланған (CLIL) тәсілін оқу үдерісінде қолдану үшін алдымен білім алушылардың сөздік қорына көңіл аудару керектігін айтады, мысалы география сабағында білім алушылар «рельеф», «атмосфера», «климат», «ресурс» және т.б. терминдермен таныс [9; 10, 76 б.].

Базалық оқу пәндерін CLIL тәсілді қолдана отырып оқытудың әдіснамалық негізіне тілді пән мазмұнымен кіріктіру (білім алушылардың ғылыми ойлау дағдылары мен тілдік-қатынас құзыреттерін дамыту); пәнаралық байланыс (білім алушылар оқу пәндерінің өзара тығыз байланыстылығын, яғни, білім мазмұндарының біртұтастығын көре алады); оқытудың коммуникативтік әдісін (топтық жоба, талқылау, презентация, т.б.) қолдану шетел (ағылшын) тілінде ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырып, пәндік оқу материалдарын шетел (ағылшын) тілінде түсінуді тереңдетеді; оқыту әдісін мәдени аспектілермен толықтыру, тілді кез-келген жағдаятта жақсы түсінуге көмектесе келе, оқытудың маңыздылығын арттырады; пәнаралық жобаларды орындау арқылы білім алушылардың сыни тұрғыда ойлауын, креативтілігін арттырады; білім алушылардың оқу пәні материалдарын ғылыми тілде тұжырымдау дағдыларын көрнекіліктер, қарапайым мәтіндерді және т.б. әдістерді пайдалана отырып қалыптастыру арқылы пәннің мазмұнын игерту; оқу нәтижелерін бағалауда білім алушылардың пән мазмұнын және тілді игеру жетістіктерін бағалау жүйесін дайындау оқытудың біртұтастығы мен тиімділігі ұстанымдары жүзеге асыра отырып, білім алушылардың ғылыми ойлау және тілдік құзыреттерін дамытуға жағдай жасайды [11, 60 б.; 12, 65 б.].

Демек, CLIL тәсілі арқылы оқытудың қолданысын білім беру жүйесіне сәтті енгізу үшін білім алушыларда жоғарыда айтылып өткендей пән мазмұнын және тілдік қатынастарды меңгерген негіз болуы тиіс.

**Қорытынды.** ҚР білім беру жүйесін модернизациялау тұрғысынан заманауи білім беруді дамытудың негізгі тенденцияларын анықтау және оларды шешу жолдарын айқындау басты мақсат-міндеттер болып табылады.

Қазақстанда білім берудің педагогикалық моделін жүзеге асыру және оның мазмұнын оқу үдерісінде пәнаралық байланыс – CLIL тәсілін қолдана отырып арттыру өзектілігі артып отыр. ЖОО оқыту-

шылары пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы заманауи тәсілдермен таныс, дегенмен, оны жүзеге асырудағы қиындықтары олардың ағылшын тілін меңгеру деңгейіне, сонымен қатар CLIL тәсілін оқу үдерісінде қолдануда оқу материалдары және ресурстармен қамтылуымен байланысты екендігі анықталды.

Оқу үдерісінде пәнаралық байланыс – CLIL тәсілін қолдануды жүзеге асыру жоғары педагогикалық оқу орындарында арнайы элективті курстар арқылы оқытушылар мен білім алушылардың ағылшын тілі деңгейін көтеру бойынша жұмыс жүргізілуі тиімді.

CLIL тәсілін қолдануда оқу үдерісінің оқу материалдары және ресурстармен қамтылуымаңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Ғалымдардың жүргізген зерттеу негіздеріне сүйенсек, жоғары оқу орындары Министрлік ұсынған оқу құралдары мен кітаптарды, стандартты оқу ресурстарын пайдаланады. Ал бұл оқу материалдары және ресурстар пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту тәсілдерін толық қамтымайды, сәйкесінше ресурстардың жоқтығы CLIL тәсілін оқу үдерісінде пайдалануға мүмкіндік бермей отыр.

Осыған орай, пәнаралық оқытуды пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілді (Content and Language Integrated Learning – CLIL) оқу үдерісінде қолдану мәселелерін шешуге байланысты:

- жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларының тілдік қатынас жасай алу құзыреттерін дамыту үшін оқу бағдарламаларымен қамтамасыз ету;

- қолжетімді онлайн платформалары бойынша материал жинақтау база құру (мұғалімдер үшін ақпараттар, материалдар, әдістемелік көмекші құралдар, және т.б.);

- университет немесе республикалық шеңберде семинар, дөңгелек үстел, конференция, т.б. іс-шараларды ұйымдастыру арқылы тәжірибе алмасу сияқты ұсыныстар пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілді (CLIL) оқу үдерісінде қолдануға жағдай жасайды.

Болашақ зерттеулердің перспективалары пәндік-тілдік кіріктірілген CLIL тәсілінің білім алушылардың пәндік және тілдік жетістіктеріне әсерін салыстырмалы-эксперименттік әдістер арқылы зерттеумен байланысты. Бұл аталмыш тәсілдің білім беру тәжірибесіндегі тиімділігін неғұрлым объективті және сандық тұрғыдан өлшенетін деректер негізінде бағалауға мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Жунусова Г. Предметно-языковое интегрированное обучение (CLIL) в образовании** [Текст]: Методическое пособие / Г. Жунусова. – Алматы: ТОО Издательство «Фортуна Полиграф», 2024. – 36 с.

2 **Banegas D.L., del Pozo Beamud M. Content and language integrated learning: A duo ethnographic study about CLIL pre-service teacher education in Argentina and Spain** [Text] / D.L. Banegas, M. del Pozo Beamud // RELC Journal. – 2022. – Vol. 53, Iss. 1. – P. 151-164. <https://doi.org/10.1177/0033688220930442>.

3 **Mehisto P., Marsh D., Frigols M.J. Uncovering CLIL: content and language integrated learning in bilingual and multilingual education** [Text] / P. Mehisto, D. Marsh, M.J. Frigols. – Oxford: Macmillan, 2008. – P. 240.

4 **Coyle D., Hood P., Marsh D. Content and language integrated learning** [Text] / D. Coyle, P. Hood, D. Marsh. – Cambridge: Cambridge University Press, 2010. – P. 11-18.

5 **Dalton-Puffer C., Smit U. Content and language integrated learning: a research agenda** [Text] / C. Dalton-Puffer, U. Smit // Language Teaching. – 2013. – Vol. 46, Iss. 4. – P. 545-559. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0261444813000256>

6 **Karabassova L., San Isidro X. Towards translanguaging in CLIL: a study on teachers' perceptions and practices in Kazakhstan** [Text] / L. Karabassova, X. San Isidro // International Journal of Multilingualism. – 2020. – P. 556-575.

7 **San Isidro X., Coyle D. An approach to CLIL lesson planning in multilingual settings** [Text] / X. San Isidro, D. Coyle // CLIL Classroom Practices in Multilingual Education in Kazakhstan: guidelines and examples / eds. X. San Isidro, D. Coyle, S.I. Kerimkulova. – Astana: Nazarbayev University, 2020. – P. 11-54.

8 **Mahan K.R. The comprehending teacher: scaffolding in content and language integrated learning (CLIL)** [Text] / K.R. Mahan // The Language Learning Journal. – 2022. – Vol. 50, Iss. 1. – P. 74-88. <https://doi.org/10.1080/09571736.2019.1705879>.

9 **Coyle D., Holmes B., King L. Towards an integrated curriculum: CLIL national statements and guidelines** [Text] / D. Coyle, B. Holmes, L. King. – London: The Languages Company, 2009. – 44 p.

10 **CLIL/EMILE. The European dimension: actions, trends and foresight potential** [Text] / ed. D. Marsh. – Jyväskylä: UniCOM, Continuing Education Centre, University of Jyväskylä, 2002. – 203 p.

11 **Соколовская С.В., Набатова О.А. Предметно-языковая подготовка в общеобразовательной школе** [Текст] / С.В. Соколовская, О.А. Набатова // Пермский педагогический журнал. – 2015. – № 7. – С. 60-64.

12 Шангытбаева Г.А., Нуржаубаева Р.Б. Предметно-языковое интегрированное обучение (CLIL) в преподавании предмета ИКТ [Текст] / Г.А. Шангытбаева, Р.Б. Нуржаубаева // Вестник Университета Шакарима. Серия: технические науки. – 2020. – № 3(91). – С. 65-68.

## REFERENCES:

- 1 Zhunusova G. Predmetno-yazykovoe integririrovannoe obuchenie (CLIL) v obrazovanii: Metodicheskoe posobie [Content and Language Integrated Learning (CLIL) in education: a methodological manual]. Almaty, TOO Izdatel'stvo "Fortuna Poligraf", 2024, 36 p. (In Russian)
- 2 Banegas D.L., del Pozo Beamud M. Content and language integrated learning: A duoethnographic study about CLIL pre-service teacher education in Argentina and Spain. *RELC Journal*, 2022, vol. 53, iss. 1, pp. 151-164.
- 3 Mehisto P., Marsh D., Frigols M.J. Uncovering CLIL: Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education. Oxford, Macmillan, 2008, 240 p.
- 4 Coyle D., Hood P., Marsh D. Content and Language Integrated Learning. Cambridge, Cambridge University Press, 2010, pp. 11-18.
- 5 Dalton-Puffer C., Smit U. Content and language integrated learning: A research agenda. *Language Teaching*, 2013, vol. 46, iss. 4, pp. 545-559. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0261444813000256>.
- 6 Karabassova L., San Isidro X. Towards translanguaging in CLIL: A study on teachers' perceptions and practices in Kazakhstan. *International Journal of Multilingualism*, 2020, pp. 556-575.
- 7 San Isidro X, Coyle D. An approach to CLIL lesson planning in multilingual settings. In: San Isidro X, Coyle D, Kerimkulova SI, editors. CLIL Classroom Practices in Multilingual Education in Kazakhstan: Guidelines and Examples, Astana, Nazarbayev University, 2020. pp. 11-54.
- 8 Mahan KR. The comprehending teacher: Scaffolding in content and language integrated learning (CLIL). *The Language Learning Journal*, 2022, vol. 50, iss. 1, pp. 74-88. <https://doi.org/10.1080/09571736.2019.1705879>.
- 9 Coyle D., Holmes B., King L. Towards an Integrated Curriculum: CLIL National Statements and Guidelines. London, The Languages Company, 2009, 44 p.
- 10 Marsh D, editor. CLIL/EMILE. The European Dimension: Actions, Trends and Foresight Potential. Jyväskylä: UniCOM, Continuing Education Centre, University of Jyväskylä, 2002, 203 p.
- 11 Sokolovskaya S.V., Nabatova O.A. Predmetno-yazykovaya podgotovka v obshcheobrazovatel'noy shkole [Content and language integrated learning in general education school]. *Permskiy Pedagogicheskij Zhurnal*, 2015, no. 7, pp. 60-64. (In Russian)
- 12 Shangytbaeva G.A., Nurzhaubaeva R.B. Predmetno-yazykovoe integririrovannoe obuchenie (CLIL) v prepodavanii predmeta IKT [Content and language integrated learning (CLIL) in teaching ICT]. *Vestnik Universiteta Shakarima. Seriya: Tehnicheskie nauki*, 2020, no. 3(91), pp. 65-68. (In Russian)

## Авторлар туралы мәліметтер:

Алдахметова Шұғыла Асхатқызы\* – PhD докторанты, география және экология кафедрасы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Райымбек батыр даңғ. 590/1, тел.: 87475557457, e-mail: [shuglalkh7@gmail.com](mailto:shuglalkh7@gmail.com).

Карбаева Шолпан Шайкеновна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, география және экология кафедрасы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Қазыбек би көш. 13, тел.: 87073128664, e-mail: [karbaevash@mail.ru](mailto:karbaevash@mail.ru).

Алдахметова Шұғыла Асхатовна\* – PhD докторант, кафедра географии и экологии, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, пр. Райымбек батыра 590/7, тел.: 87475557457, e-mail: [shuglalkh7@gmail.com](mailto:shuglalkh7@gmail.com).

Карбаева Шолпан Шайкеновна – кандидат педагогических наук, профессор, кафедра географии и экологии, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Казыбек би, 13, тел.: 87073128664, e-mail: [karbaevash@mail.ru](mailto:karbaevash@mail.ru).

Aldakhmetova Shugyla Askhatkyzy\* – PhD student, Department of geography and ecology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000 Almaty, 590\1 Raiymbek Batyr Ave., tel.: 87475557457, e-mail: [shuglalkh7@gmail.com](mailto:shuglalkh7@gmail.com).

Karbayeva Sholpan Shaikenovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Department of geography and ecology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000 Almaty, 13 Kazybek bi Str., tel.: 87073128664, e-mail: [karbaevash@mail.ru](mailto:karbaevash@mail.ru).